

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

**№11 «Жұлдыз» ересек тобының
жаңа жылдық ертегілігі**



Музыка жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж

Тәрбиешілер: Нургалиева А.К

Абдыкова А.Т

2024-2025 оқу жылы

Жүргізуші: Даламызда, қаламызда,
Жаңа жыл кіріп келеді.
Қартымызда, балаңызда,
Жалынды сәлем береді.
Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,
Таңырқап, тұрмаңыздар.
Сәнді шырша шақырады.
Шырша жырын жырлаңыздар.
Келіңіздер, келіңіздер,
Би де билеп беріңіздер.
Қызығы мол жаңа жылдың
Тамашасын көріңіздер.

Құрметті қонақтар, ата-аналар және тобымыздың тәрбиеленушілері, сіздерді келіп жеткен 2025 жылан жылы құтты болсын. Еліміз тыныш, балаларымыз саналы, ақылды әрі білімді болсын. Келіп жеткен жаңа жылдарыңыз құтты болсын дегім келеді!

Аяз ата: Уа, халайық жарандар,
Айналаға қараңдар.
Жаңа жылдық бұл тойын,
Салтанатқа санаңдар
Қызық көріп, шат болып,
Шаттық күліп тойлаңдар!
Келіңдер балақайларым тездетіңдер! Жаңа жылдық тойымызды бастайық!

Би: «Жаңа жыл»

Аяз ата: Уа халайық жиналған,
Көңілдерің дүр маржан.
Айналайын ұлдардан,
Айналайын қыздардан.
Аяз атаң Асығып,
Жетті жолда қиналып.
Мынау тұрған шыршаның шамы жанбай тұрғаны, Қане балалар бірігіп шырша шамын жағалық.
1,2,3, шырша шамы жарқырат,
1,2,3 шырша шамы жарқырат

Ән: «Жаңа жыл»

Тақпақтар.

Фируза.

Қыс келгенде далама
Қызығып тек тұрамын
Ат жегіп алып шанама
Аппақ қармен зырлаймын

Медина.

Аяз ата жол салып
Ақборанмен алысқан
Балаларға базарлық
Алып келді алыстан

Имран.

Не ойласаң жаңа жылда
Орындалар бар арман
Жаңа жылда сондықтан
Күтеді барлық балақан.

Акнұр.

Аяз ата тыңдаңыз
Тақпақ айтып берейік
Ортамызда шыршамыз
Ойнап бірге күлейік.

С.Әмірхан

Кел балалар тақпақты
Тақылдатып айтайық
Аяз ата таі қалсын
Сыйлық алып қайтайық

Адина.

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз

Азиз.

Аяды келіп қыс
Алғашқы қар ұшты
Аппақ болып үстіміз
Ақ қырау жабысты.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймыз бәріңді.
Бәрімізге болсыншы жыл арайлы дей отыра

«**Ақ ұлпа қар**» ойынын ойнап жіберейік, Қане Аяз атаға жылдамдығымызды көрсетейік.

Би: «Бәрі жақсы болады!»

Тақпақтар:**Айлин.**

Жаңа жыл жаңа жыл
Жаңа жылда жаңа жыл
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр.

Аңсаған.

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Шаһ-нұр

Дала нұр, қала нұр
Құтты болсын жаңа жыл
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала ж.р

Алдияр.

Сақалы аппақ күмістей
Тістері аппақ күріштей
Нұр жайнаған ажары
Сағындық аяз атаны

Ахмедияр

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Жаңа жылда ертегі
Келе ме біздің бақшаға

Али.

Қыстың күні көңілді
Көп қызықты көреміз
Шығып алып далаға
Сырғанақты тебеміз

Аяз ата: Ау бүлдіршіндерім қыздарым

Жас жеткіншек ұлдарым
Қандай жақсы жүздерің
Қуанышты сыйлайын
Сыйлығымды тартайын
Ау, сыйлық қайда
Ақшақар қайда
Барлығымыз бірігіп шақырайық,
Орманда адасып жүрген шығар
Ау-Ақшақар, Ау-Ақшақар!

Ақшақар:

-Сәлеметсіздер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт-жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнімін, жырмын, тақпақпын

Жүргізуші: Қош келдіңіз Ақшақар! Алыс жолдан келдіңіздер.

Әсем ән мен биі бар
Отыр ата сәл демал!

Ән: «Келді міне жаңа жыл» (хоровод)

Тренд –Ойын: «Жастар биі»

Тақпақтар.

Бақтияр.

Шанамызды мінеміз
Мәз-мейрам болып күлеміз
Жарысамыз бәріміз
Жарасып тұр әніміз

Расул

Көрдің бе Аяз атаны
Аппақ екен сақалы
Аппақ екен мұрты да
Аппақ екен шапаны

Ғ.Әмірхан.

Даламызға қаламызға
Жаңа жыл келіп кірді
Қартымызда жалпымызда
Жалынды сәлем береді

Алинұр

Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр
Ата-әже, әке-апа
Құтты болсын жаңа жыл.

Алихан

Бүгін біз көңілдіміз
Жаңа жылды қарсы алып
Мерекеге келгенде
Құттықтаймыз ән салып

Нұраят.

Кең пейілді, мол мейірлі
Сағынышпен табысқан
О, Алақай Аяз ата
Келе жатыр алыстан

Ясина

Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оранып.

Каусар

Жүзімізде күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылда біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз

Аяла

Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз

Фирдаус

Қорықпаймыз аяздан
Шымшысада бетімді
Аппақ қарды кешеміз
Киіп алып етікті

Вальс бні.

Аяз ата: Жарайсындар балаларым! Менің бүгін бір қуанып қалдым. Алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарыңда ақылды, білімді әрі өнерлі екенсіңдер! Бүгін қандай әдемі әсем болып түрленгенсіңдер. Солай емес пе Ақшақар қызым! Ал енді біз жолға шығайық, бірақ сіздерге сиқырлы банкомат сыйлайық. Сол банкоматтан сыйлықтарыңды аласыңдар (сыйлық таратады)

Ал балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Келесі жылы кездескенше қош сау болыңдар!

Ақшақар: Қош сау болыңдар балалар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің Жаңа жыл!» атты мерекелік ертеңгілігіміз аяқталып қалды. Осындай керемет мерекелік ертеңгілігімізге өз тілегін балабабақша меңгерушісі: **Ж.А Курмановаға** сөз берейік.

Ата-анаға сөз беріледі.

Жүргізуші:

Тәрбиеші:

Құтты болсын ата – ана,
Жаңа жылың бүгінгі.
Бауырында балаларың
Ұзақ болсын өмірі.
Алар асу, шығар тау көп,
Еңбек думан маңайың.
Жаңа жылда денің сау боп
Бақытты бол ағайын.
Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!

